

Е.С.Адаева

*Назарбаев Университеті, Астана  
(E-mail: Ermek\_ali@mail.ru)*

## Киноаударманың түрлері: субтитр және дубляж

Бүгінгі таңдағы қазақ тілі, діні мен салт-дәстүр, әдет-ғұрыптың қаншалықты деңгейде сақталғанын немесе ұлт санасының қаншалықты тазалығын қазіргі кездегі кино өнерінен көруге болады. Себебі кино халыққа ақпарат берудің ең тиімді, қолайлы тәсілдерінің бірі болып табылады. Кино аудару тәжірибесі Қазақстанда ұзақ жылдар бойы дамып келе жатқанымен де, оны зерттеу мәселесі әлі жолға қойылмаған. Теориясы әлі жасалмаған. Мақалада автор осы мәселені тереңрек қарастыруға тырысады. Киномәтінінің және киноаудармасының ерекшеліктері айқындалып, киноаудармасы түрлерін пайдаланудың тиімді, тиімсіз тұстары сараланып көрсетілді.

*Кілт сөздер:* кино мәтіні, киноаударма, баламалылық, дубляж, субтитр.

Қай халықтың тарихына көз салып қарасақ та, ол өзінің мәдени, рухани байлығын ең басты екі негізден алып дамып отырған. Бірі — өзінің ішкі мүмкіндіктері болса, екіншісі — өзге жұрттың мәдени байлығын игеру. Осылай әр халық өзге елдің рухани дүниесімен сусындай отырып, өз мәдениетін өркендеткен. Осындай игі істің жандануына аударма айрықша қызмет атқарды.

Адамдар, халықтар, ұлттар арасындағы әлеуметтік, экономикалық, рухани, ғылыми, мәдени қарым-қатынастың алмасу, айырбастау, ел танудың құралы болған аударманың кино өнерінде де алатын орны айрықша. Кинодағы аударма оның мақсаты мен жұмыстың ерекшелігіне қарай синхронды және жазбаша жасалады. Бұл мол тәжірибе мен білімді қажет ететін күрделі үдеріс. Кино мәтінінің өзіндік көркемдік ерекшеліктері мол. Ондағы монологтар мен диалогтар арқылы көрермен жүрегіне жол табу үшін бейнелі көріністі ақпараттау образ, көңіл-күй, эмоциялар сөз арқылы жақсы, ұғымды әрі орынды жеткені дұрыс.

Кинофильм мәтіні диалогтар, кадр сыртындағы комментарийлер, ән сөздері және жазбалар түрінде көрсетіледі. «Басқа мәтін аудармаларымен салыстырғанда, оның бірқатар өзіндік ерекшеліктері бар: амплификацияны болдырмас үшін уақытша дыбыс рамкаларымен шектелген; аз уақытта қабылдауға негізделген, соған орай, көрерменге жеткілікті түрде ақпаратталған әрі түсінікті болуы тиіс. Сонымен қатар аударманың мүмкін болатын нұсқалар таңдауын шарттайтын видеоқатар да қоса беріледі».

Көркем фильмдер аудармасы — «мақсаты түпнұсқа мәтінді интерпретация жолымен басқа тілде жаңа мәтінде туындаған тілаларлық, эстетикалық коммуникацияны іске асыру болып табылатын көркем аударманың ерекше түрі» [1]. Осыған орай кино аудармасында екі түрлі ерекшелікті атап өтуге болады: біріншісі, киноның өз тілімен айтылған ерекшелік, екіншісі көркем аударма критерийлерін сақтау қажеттігі. Ережеге сай, аудармашыға студияда монтажды қағаз, яғни диалогтар жазбасы және фильм түсірілген кассета, беріледі. Ол бұл мәтінді аударып, аударманы фильмнен шығатын репликаларымен қоса синхронды түрде дыбыстауы қажет.

Кино мәтінінің лексикасы күнделікті өмірде қолданылатын тіл, идиома, архаизм, вульгаризм, диалектизмдерге жақын. Кино аудармашысы үшін кино мәтінінің көркемдігін төмендетпеу, автор ойын дәл жеткізу, диалогтар сапасын, сөз ерекшелігін, стилін сақтау, сол дәуірдің өзіндік сипатын жеткізу оңай шаруа емес. Кино аудармасындағы басты қиындықтың бірі фильмдегі персонаждар

аударма тілімен сөйлемейді. Сондықтан аудармашы тек мәтінге ғана емес, бейнекөрініске, ондағы айтылған әрбір сөз артикуляциясына, кейіпкердің іс-қимылдарына мән беріп, сөздер мен сөйлемдердің дәл немесе мағыналық, балама аудармаларын табуы қажет. Ал балама табу аудармашының шығармашылық шеберлігіне, сөз табу жүйесіне, сөздік қорының байлығына байланысты.

Тілдердің сөйлеу қарқыны мен грамматикалық құрылысы әр түрлі болады. Испан тілі орыс тілімен салыстырғанда, грамматикасы жағынан анағұрлым шағын болып келеді. Оған қоса испандықтар, орыстарға қарағанда, жылдам сөйлейді. Бұл жағдай аздап қиындық тудырады. Себебі аударма мәтінін құрағанда, жайбарақат орыс тілін бетке ұстау лазым. Бұған қоса кадр сыртындағы аударманың ерекшелігі аудармада талап етілген сөз қарқыны фильмнің соңына дейін сақталуы керектігі болып табылады. Сондықтан аудармашы қос тілмен жұмыс істеу барысында тілдік құралдардың минималды мөлшері көмегімен ақпаратты максималды түрде толық жеткізу үшін, компрессия тәсіліне жүгінуі керек.

Киноаудармасында мәтін ақпаратын кескіндеумен де байланыс болуы қажет, яғни вербалды және бейвербалды құралдар көріністеріне бірдей назар аудару керек. Алайда түпнұсқа тіліндегі фраза ым-ишаратпен қабаттасып келсе, эквивалент табу қиынға соқтырады. Әр түрлі мәдениет өкілдерінің ым-ишаралары сәйкес келе бермейді. Педро Альмодрованың «Женщина на грани нервного срыва» киносынан мысал келтірейік. *У que de la cara (И пусть за все ответит)* сөзін айта отыра, кейіпкер өз бетінен алақанымен қағып қояды. Орыс мәдениетіне бұл ишара жат, сондықтан бұл көріністі ойнап шығу мүмкін емес.

Кейде аудармашы техникалық тұрғыдағы қиындықтарға соқтығысып қалады: монтажды қағаз толық болмайды, сол кезде есту қиындық тудыратын диалогтар — қуғын, ұрыс-керістер, сыбыр және т.б. аудару керек.

Киноаудармасының тағы бір ерекшелігі — әдеби шығармаларды аудару бір немесе екі аудармашының қатысуымен жасалатын болса, толық кинофильмді аудару үшін үлкен шығармашылық топ қажет. Олар: кино мәтінінің аудармашысы, дублер-актерлер, режиссер, дубляждың дыбыс операторы, редактор, монтаждаушы. Бұлардың әрқайсысы киноаудармасының сапасына өз ықпалдарын тигізбей қоймайды. Өйткені кино мәтінінің аудармасы қанша жақсы болғанымен, кино аудармасын дайындауға қатысушылардың біреуі өз ісін жөнді атқармаса киноаудармасының сапасы төмендейді. Кинофильмді аудару барысында үлкен жүк қашан да режиссерге түседі. Көптеген режиссерлердің қанатын қатайтқан академик Сергей Герасимов былай дейді: «... режиссер үшін ең бастысы — бұл өзгелер көре де, сезіне де алмайтынды көру және сезіну, ойындағыны образға айналдыра білу қабілетінің болуы».

Режиссер сөздің әуенін, сәулет әуенін, табиғат пен қозғалыстың әуенін, ой әуенін сезініп, осы барлық сезімдерді бір ортақ дүниетанымда тоғыстыра алуы қажет.

Дубляж режиссері жақсы кәсіби дайындығы бар әдеби шығармаларды аудару мен драматургия заңдылықтарын білетін, кино өндірісі, мәдениет тарихы және актерлер әлемімен жете таныс болғаны дұрыс. Сонымен қатар бірнеше тілдерді білуі қажет. Әрине, ол кино мәтінін аудармайды, бұл кәсіби аудармашылардың жұмысы. Бірақ экранда орындалып жатқан диалогтарды тыңдау, ондағы мағынаны ашатын әрбір сөз интонациясын байқап, түсіну үшін қажет. Мысалы, жай қарапайым «Мен сізді сүйемін» деген сөйлемді алып қарайтын болсақ, бір-біріне жақын келмейтін түрлі мағынада айтуға болады: ұнату, жек көру, қуану, я қайғыру, нәзік сезімін білдіру, не артынан қалмай мезі ету, шаттану, ренжу, өзін ақтау не кінәлау, т.с.с. Сондықтан әрбір сөздің интонациясына қарай кейіпкердің көңіл-күйі көрініп отырады. Режиссердің мақсаты — эмоциялық түрленудің бай қорын ұтымды, әрі орынды қолдана білу, ол үшін фильмнің түпнұсқадағы тілін түсіну, оны аудармада мағынасынан ауытқымай жеткізу өте маңызды.

Егер дублер актерлер рольдегі актерлердің деңгейінде орындай алмаса немесе дыбыс операторлары қажетті деңгейде жаза алмаса, жоғары сапалы аппаратуралармен студия цехы жабдықталмаса, қандай жақсы диалогтардың болмасын аудармасы дубляжда мүлдем көрінбей қалады. Ал талантты дублерлерсіз толыққанды фильмнің аудармасы болуы мүмкін емес. Дубляждың режиссері әр фильмде кездесетін жаңа образға тән дублерларды орынды таңдай білуі керек.

Сондықтан фильмді аудару барысында қызмет жасайтын шығармашылық топтың әрқайсысы өз ісін мұқият атқаруы қажет. Тек осы ұжымның еңбегінің нәтижесінде көрермен назарына өзге тілде түсірілген кинотуындыларды өз ана тілімізде сөйлете аламыз.

Киноаудармасының бірнеше түрі бар. Олар:

- субтитрлеу;
- кадр сыртынан түсінік беру;
- дикторлық орындау;
- дубляж жасау [2].

Оларды таңдаудың да себептері бар: фильм ерекшеліктері, инженерлік-техникалық және шығармашылық кадрлардың сандық қажеттілігіне, экономикалық жетістіктеріне байланысты. Басында дыбысты фильмдердің аудармасы кадр арасындағы жазулар арқылы жасалатын. Содан соң субтитрлар пайда болды, яғни кадрдың төменгі жағында көрініске жазылған аударма жазулар. Кадр сыртынан түсінік беру, субтитрға қарағанда, әлдеқайда тиімді, өйткені көрермен субтитрді оқу үшін көріністен көзін алып әлекке қалмайды, түпнұсқадағы дыбыстар сақталады, жақсы аудармашы тек диалогтар мағынасын ғана емес, интонациясын сақтап, эмоциялардың бояуын беруге және аударылмайтын каламбурлерге, яғни қисық сөздерге де, мағыналық түсінік беріп отырады.

Ал дикторлық орындау арқылы берілетін аударма, әдетте, хроникалық, деректік, ғылыми, мәдени т.б. фильмдерде жасалады. Егер түпнұсқа тілінде сөйленетін синхронды көріністер болса, онда олар да кадр сыртынан түсінік беру жолымен көрсетіледі.

Біз осылардың ішінен қазіргі кезде кеңірек қолданылатын субтитрлеу мен дубляж жасау әдістерін салыстырып, тиімді, тиімсіз тұстарын саралап көрейік. Алдымен аталған түрлердің анықтамасына тоқталайық.

Киноаудармасын зерттеуші В.Е.Горшкова тіларалық субтитрлеуге: «Экранның төменгі тұсынан орын алып, басылған мәтін түрінде оның негізгі мазмұнын көрсететін фильмдегі диалогтардың қысқаша аудармасы», — деген анықтама береді [3].

Ал тіларалық дубляж түпнұсқа тілдегі актерлердің сөздерін аударылатын тілге толық ауыстыру болып табылады. В.Е.Горшкова аталған терминге берілген көптеген анықтамаларға сүйене отырып, дубляж жасаудың дыбыс жазу техникасының ерекше түрі екендігін айқындайды. Енді осы аталған түрлерді салыстырып көрейік. Бірінші субтитр туралы.

Субтитрді пайдаланудың тиімді тұстары:

1. Субтитрлеуге жұмсалатын қаржы дубляжға қарағанда 10 есе аз. Сондықтан бұл әуесқой субтитрлеудің кең таралуына әкеледі.

2. Дубляжға қарағанда, субтитрлеуге уақыт та аз кетеді.

3. Субтитр жасағанда фильм түпнұсқасының дыбыстық жолы сақталып, дыбыс режиссері жасаған атмосфера сақталады. Сонымен қатар субтитрді оқығанда реципиент актерлердің дауысын естиді. Ал фильм дыбысталған кезде актерлердің дауысы көбінесе кәсіби емес дублерлердің дауысына ауыстырылатыны белгілі. Бұл, әрине, фильмнің дыбысталуының бұзылуына әкеледі.

4. Субтитрлі фильмдер сонымен қатар білімдік қызмет атқарып, шет тілін үйренудің материалы болып табылады.

Алайда аударма сөздерді қою арқылы жасалатын субтитрлі кинофильм аудармасы оңай болғанымен, оның кейбір кемшіліктері де бар. Яғни, титрді оқу үшін экранда орындалып жатқан көріністен көп ауытқып отырсың, кейде жазылған титрлі сөздерді қайсысын қай кейіпкер айтып жатқанын түсінбей қаласың.

Субтитрді пайдаланудың жағымсыз тұстары:

1. Сапалы орындалған дубляжға қарағанда, аудиовизуалды мәтіннің аударма тілінде жасалғандығы туралы иллюзияның жоқтығы.

2. Субтитрді қабылдау реципиенттен көп күш қажет етеді. Субтитрді оқу арқылы реципиенттің киноға назар аударуы әлсіреп, визуалды ақпараттың кейбір бөліктерінің жоғалуына әкеледі.

3. Субтитр жасағанда компрессия (сығымдау) пайдаланылады, себебі адамның сөйлеу темпі оқу жылдамдығынан жоғары, сондықтан мәтінді қысқартуға тура келеді. Сондай-ақ субтитрдің көлемі 30-40 белгіге дейін шектелген. Ал, жолдың саны 2-ден аспауы тиіс.

4. Компрессия мен түсіріп тастауларды пайдаланғандықтан, субтитрлеу барысында түпнұсқа тілінің экспрессиясы жоғалады.

Енді дубляждың ерекшеліктеріне тоқталайық. Киноаудармасының ең көп тараған әрі күрделі түрі — дубляж. *Дубляж* «*doublage*» француз тілінен аударғанда *қосарлану* деген мағынаны білдіреді. Бұл жерде аудармашы идея, стиль, кейіпкерлер мінезіне көңіл аудара отырып, тек артикуляциясын емес, актерлердің іс-қимыл, қылықтарын бәрін қамтуға тырысады.

Дубляж — өз алдына бір дүние. Оның техникалық және шығармашылық бөлімдері бар. Шығармашылық бөлімнің ішіндегі аударма саласының өзі бір төбе. Былайша айтқанда, аудармашылар тобы мен әртістер тобы және техникалық мамандар тобы жұмыс істейтін, көпқырлы арнайы бөлім. Аудармашылар аударып береді, ал редакторлар өңдейді, режиссерлер ауызға түсіріп, емеурінге келтіру жағын реттейді. Ары қарай дыбыс актерлары сезімдік бояуын жеткізе отырып дыбыстауы керек. Сөздің мәнін білмесең, қалай болса, солай сөйлей салуға болмайды. Барлығы өз жұмысын жақсы істеуі керек. Техникалық жағы өте маңызды. Қосанжар дауыстар (интершум) деген бар, мәселен, табиғаттың дыбыстары, желдің соққаны, шөптің сыбдыры, сиырдың мөңіреуі, адамның жүрген дыбыстары т.б. бұларды да үйлестіре білу керек. Барлығының өз өлшемі бар, соның барлығын өз орнын тауып, үйлестіргенде ғана жақсы кино шығады.

Сонымен, дубляж жұмысы екі сатыдан тұрады. Әуелі аудармашы фильмдегі сөздерді ондағы бейнемен синхронды етіп аударып шығады. Ол фильмде ойнап жүрген актердің ауыз, ерін қимылына сәйкес және дәл мағынасына сәйкестендіріп ана тіліне аударады. Актердің еріндерінің және неше рет қосылғандығына дейін (*б, в, п, ф, м* — дауыссыз дыбыстары айтылған кезде) есепке алынады. Ол сонымен қатар фильмдегі барлық компоненттерге мән беруі керек. Идея, стиль, кейіпкерлер мінезіне көңіл аудара отырып, тек артикуляциясын емес, актерлердің іс-қимыл, қылықтарын бәрін қамтуға тырысады. Сондықтан фильм аудармасын түпнұсқа тілі мен аударма тілін жетік білетін әдеби аудармашы жасағаны дұрыс.

Осындай ерекшеліктері сақталған аударма дайын болған соң, дубляждың екінші — шешуші кезеңі басталады. Әр рольді дубляж жасауға дайындалған актерлер, дубляж режиссері, аудармашы, дыбыс операторымен бірге бірнеше рет көреді. Мақсаты — фильмде ойнаған актерлердің сөйлеу мәнерімен танысу, оның айтқан сөздерінің дәлдігіне аудармашымен бірге көз жеткізу. Содан соң барып аударылған актер сөзі пленкаға жазылады. Тек жоғары кәсіби деңгейде жасалған дубляж көрермен жүрегіне жол тауып, өз тілінде түсірілген түпнұсқа фильмді көріп отырғандай ой тудыруы мүмкін. Бұл туралы Г.Заргарьян былай дейді: «Киношығарманың көркем аудармасы — бұл көркем шығарманың өзінше бір бөлігі және ол сол өнер жанрының заңдылықтарына бағынғанда ғана сапалы болуы мүмкін» [4].

Дубляжды қолданудың тиімді тұстары:

1. Тындаушы аудиторияның үлкендігі, көруі нашар адамдар, балалар т.б.
2. Аударылатын тілді қолданатын көрермендердің қабылдауына еш қиындық тудырмайды.
3. Аудиовизуалды мәтін басынан-ақ аударылатын тілде жасалғандай болып көрінеді, яғни тілдік кедергі жойылады.
4. Дубляждау кейіпкер тіліндегі диалектілік ерекшеліктерді көрсетпеуге септігін тигізеді, ал субтитр кезінде бұл мүмкін емес.
5. Дубляж кезінде түпнұсқаның аудиожолы естілмейтіндіктен, көрермен байқамайтындай етіп, кейбір репликаларды ауыстыруға болады.

Сондай-ақ дубляж жасаудың тиімсіз тұстары да бар. Енді соларға тоқтала кетейік:

1. Актерлік құрамның жұмысы мен құрал-жабдықтарға жұмсалатын үлкен шығын.
2. Дыбыстау кезінде және аударма мәтінді түзеуге кететін уақыттың көптігі.
3. Реципиентке түпнұсқадағы актерлердің дауысы естілмейді, ал дубляж актерлері мәтінді түпнұсқа актерлеріндей мәнерлеп оқи бермейді.

Дубляждың тілі — қарапайым сөйлеу тілі. Оның ішінде әскердің сөзі бар, қарақшының сөзі бар, дәрігердің сөзі бар, лауазымды тұлғалардың сөзі бар. Аудармашылар осының барлығын өз мағынасындағы бояуын бере отырып аударуы, ал дыбыс актері оны түсініп айтуы керек. Әуелі дыбысталатын сөздің мағынасын дұрыстап түсініп алу қажет, алдын ала дайындалу керек, қай жерінде күледі, қай жерінде жылайды, қай жерінде тыныс алады, соның бәрін алдын ала біліп тұруы керек. Мәселен, актер Шыңғысханның дауысын дыбыстауы керек болса, ол үшін алдын ала Шыңғысхан ақырып сөйлей ме, жай биязы сөйлей ме соны біліп алуға міндетті және әртістің түріне қарай дауысын бейімдеуі тиіс. Мысалы, ол денесі үлкен адам болса, жіңішке дауыспен шіңкілдеп тұрсаң, болмайды. Тойға барсаң, киініп баратының секілді, дыбыс берер алдында дыбысыңды дұрыстап, сахналық түрге келтіріп алу қажет. Актердің сөзі әрбір адамның құлағына нақты әрі жағымды естілуі тиіс. Дыбыстаушы дубляжшымыз сүле-сапа оқи салса, ертең халықтың алдына солай жетеді. Әдетте кинодағы барлық әртістердің әрқайсысына бір-бір адамнан дыбыс беру мүмкін емес. Сондықтан бір адам бірнеше дауысты дыбыстай білуі керек, сонда ғана ол нағыз дубляжшы бола алады. Ол үшін режиссерлер әртістерге бағыт бере отырып, жұмыс істеуі керек. Қосанжар

дыбыстың бәрін беріп, актерлердің дауыс ерекшеліктеріне қарай дыбыстарды бөлу қажет болады. Бастыққа, балаға, шалға, кемпірге келетін дыбыс болады, соның барлығына өз рөлін тауып беру қажет. Жалпы әр нәрсені өз маманы істеуі керек. «Алтынды зергер соқсын» дегендей, дубляжды дубляжшының өзі істесе, сонда ол көрерменнің де көңілінен шығады.

Ары қарай дыбыстауға арналған мәтіндер мен субтитр мәтіндерінің ерекшеліктерін айқындауға тырысайық.

Түпнұсқаның жолма-жол аудармасы субтитрлеуге, ары қарай дыбыстауға да сәйкес келеді деген қате түсінік бар. Субтитрлеу мен дыбыстауға арналған аудиовизуалды мәтіндердің айтарлықтай айырмашылықтары бар екенін тәжірибе көрсетті.

Осы тұста дыбыстау туралы сөз қозғайық. Фильмге керекті түрлі дыбыстарды жазып алудың және оларды қолданудың бірнеше түрі бар. Оларды да қысқаша түсіндіріп кетейік.

*Дыбысты синхронды жазу.* Көркемсуретті және ойналатын көріністері бар ғылыми-көпшілікті, хроникалық-деректік фильмдер кейіпкерлерінің сөздері мен бейнелерін кинопенкаға бір кезде қоса түсіріліп жазылуы синхронды кино түсіру деп аталады. Дыбысты осылай бейнемен үйлестіре синхронды жазу көбінесе киностудия павильонында, не болмаса басқадай үй ішінде түсірілген жағдайда қолданылады. Ал, фильм ашық далада, көшелерде түсірілген жағдайда, қажетсіз көлденең шулар бөгет жасайтын болғандықтан, дыбысты синхронды көбінесе қолданыла қоймайды.

*Кейін дыбыстандыру.* Фильм кейіпкерлерінің сөздерін, музыканы және түрлі шуларды бұрын түсірілген бейнелерді экранда көріп отырып, оларға дәлме-дәл сәйкестендіріп жазу кейін дыбыстану процесі болып табылады. Бұл әдетте фильм түгел түсіріліп болғаннан кейін және түсірілген материалдар әбден іріктеліп, монтажы аяқталғаннан кейін жүргізіледі. Кейін дыбыстау, әсіресе фильм рольдерін орындаушы актерлерге пайдалы. Өйткені олар өз бейнелерін экраннан қарай отырып, сол тұста айтылған өз сөздерін асықпай, бабына келтіріп қайталайды да, кинопенкаға жаздырады.

*Алдын ала дыбыстандыру.* Бейнелер түсірілмес бұрын жазылып алынған фонограмманы фильм көріністерін дұрыс түсіру үшін, пайдаланудың бұл жолы алдын ала дыбыстандыру деп аталады. Алдын ала жазылып алынған фонограмма көбінесе фильмнің эн және би көріністерін түсірерде қолданылады. Өйткені алдын ала жазылған тиісті музыканы ести отырып, соған сәйкес билеу немесе естіліп тұрған әнге қосылып түсіру фильм рольдерін орындаушы актерлерге көп жеңілдік туғызады. Сондай-ақ бұл тәсіл фильмде эн айтушы актердің дауысы орнына әнді одан жақсы айтатын басқа адамның дауысын жалғап пайдалану үшін де қолданылады.

*Қайта жазу.* Бұл өте маңызды творчестволық және техникалық процесс. Фильмге керекті дыбыстар, атап айтқанда, кейіпкерлердің сөздері, музыка және түрлі шулар әуелде жеке-жеке жазылады. Оларды бейнелерге сәйкестендіре және біріне-бірі үйлестіре жүзеге асырады.

Ойлап табылған осы нәтижелі тәсілдердің іс жүзінде қолданылуы, жемісті болуы дыбыс жазу аппаратурасын және одан жеке дыбыс шығу аппаратурасын ойлап табуды қажет етті. Бұл жұмыс оңайға соқпаған болу керек. Біріншіден, дыбыс құбылысының табиғи қасиеттері, түрлі ерекшеліктері бұзылмастан таза, дұрыс жазылуы және сол қалпында қайта шығарылатын болуы қажет. Екіншіден, жазылған дыбыстың қайта шығуы, оның естілуі экрандағы көріністерге сайма-сай, дәл болуға тиісті. Үшінші, алдын ала жеке жазылған түрлі дыбыстардың (адам сөзі, музыка және соққан дауылдың, ағып жатқан судың, атылған мылтықтың, құлаған заттың т.б) естілуінде олар біріне-бірінің бөгет болмауы, сондай-ақ дыбыстардың барлығы үйлесімді түрде үн қосуы қалай да қамтамасыз етілуі керек.

«Фильмге тіл бітуі киноның стилистикасына, көркемдік тәсілдеріне көп өзгеріс енгізді, кейіпкерлерді сипаттаудағы, сондай-ақ өмір құбылыстарын бейнелеудегі оның шығармашылық мүмкіндіктерін орасан байытты. Осыған байланысты сценарий көркем әдебиеттің толық құқылы жанрына айналды және болашақ фильмнің идеялық-көркемдік бағытын алдын ала айқындайтын басты кешені болды. Дүние жүзіне аты әйгілі кинорежиссер Чарли Чаплин соңғы уақытқа дейін өз фильмдерін сөзсіз етіп жасап келді» [5].

Аталған типтегі мәтіндерді оларды жасау мен редакциялау (субтитр мен дубляжды жасау ережелеріне сәйкес) барысындағы көлемінің қысқартатындығы байланыстырады. Мәселен, дубляж кезінде аударманың дыбысталу уақыты түпнұсқаның дыбысталу уақытына байланысты, асып кетпеу керек. Мәтіннің көлемін қысқарту сюжетті түсінуде ақпарат бермейтін артық элементтерді түсіру, кейбір сөздерді қысқа синонимдермен алмастыру арқылы жүзеге асады.

«Белгілі бір ақпараттың қайталай берілуі салт-дәстүрге байланысты немесе хабарламаның сенімділігін арттыру үшін имлицитті және эксплицитті берілуі мүмкін» [6].

Субтитрлеуде дискурс элементтерін үш типке бөлу бар [7].

1. Керек элементтер (аудармасы міндетті).
2. Кейбір бөліктері қажет элементтер (қысқаша, сығымдалған формада берілуі керек).
3. Артық элементтер (аударма кезінде түсіріп тастауға болады).

Керек элементтер — бұл мәтіннің мазмұнынан ақпарат беретін барлық элементтер. Оларсыз оқырмандар сюжеттің дамуын бақылай алмайды. Екінші, үшінші категорияға төмендегілер жатады:

а) Қайталаулар.

ә) Аппеляцияті құрылымдардағы жалқы есімдер.

б) Интернационализмдер.

в) Еліктеуіш сөздер (*ах!*, *ох!*, т.б.).

г) Сәлемдесуді, келісуді, келіспеуді, тандануды білдіретін ым-ишараларға байланысты одағайлар.

д) Фатикалық функциясы ғана бар, семантикалық жүгі жоқ байланыстырушы сөздер.

Бұл көрсетілген элементтердің көпшілігі аудиовизуалды мәтіндердің дыбыстық жолында кездесетіндіктен, түсіп қалуы мүмкін. Дубляждау кезінде аталған элементтерді түсіру міндетті емес, себебі мәтін аудармасын түпнұсқаның дыбысталуына үйлестіру керек. Бұның түрлі тәсілдері бар:

1. Егер мәтіннің аудармасы түпнұсқа мәтіннен ұзағырақ дыбысталса, түсіріп тастау және компенсация әдісін пайдалана отырып, аударма мәтінді қысқарту.

2. Түпнұсқада жоқ болса да мәтін мағынасына қайшы келмейтіндей фатикалық құрылымдарды, одағайларды, қыстырма сөздерді пайдалана отырып, аударма мәтіннің дыбысталу ұзақтығын арттыру.

3. Дыбысталу үдерісінде қосымша түзетулер енгізу: ауыр айтылатын дыбыстардың қосындыларынан қашу немесе мәтінді фонетикалық, семантикалық, драмалық деңгейлерде синхронизмге жететіндей етіп редакциялау қажет [8].

Киноаудармасының негізгі түрлерін қарастыра отырып, субтитрлеу мен дубляждаудың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар екеніне көз жеткіздік. Бұл олардың аудармасына да қатысты. Бұл ерекшеліктердің әрқайсысының осал және мықты тұстары бар, алайда әр мемлекеттің киноаудармаға қатысты өзінің дәстүрлі басымдықтары бар.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Кузьмичев С.А. Перевод кинофильмов как отдельный вид перевода // Вестн. Моск. гос. лингв. ун-та. — М.: ИПК МГЛУ «Рема», 2012. — С. 45.
- 2 Сиранов К. Киноискусство советского Казахстана. — Алматы: Жазушы, 1986. — 158 с.
- 3 Матасов Р.А. Перевод кино/видеоматериалов: лингвокультурологические и дидактические аспекты. — М., 2009. — С. 141.
- 4 Сапожников И. Дубляж и закадровое озвучивание фильмов. — М.: Наука, 2004. — С. 85.
- 5 Лось Е. 1 день с диктором: как озвучивают кино. — НашКиев.UA. — [ЭР]. Режим доступа: nashkiev.ua
- 6 Валгина Н.С. Теория текста. — М.: Логос, 2004. — С. 210.
- 7 Особенности перевода фильмов с субтитрами // Вестн. Сиб. гос. аэрокосм. ун-та им. акад. М.Ф.Решетнева. — Красноярск, 2006. — С. 272.
- 8 Чернов Г.В. Синхронный перевод: речевая компрессия. — М.: ИПК МГЛУ «Рема», 1969. — С. 24.

Е.С.Адаева

### Виды перевода кино: субтитр и дубляж

В статье определено, насколько на сегодняшний день сохранены казахский язык, религия и обычаи и традиции в искусстве кино. Отмечено, что кино является одним из эффективных, благоприятных способов передачи информации народу. Автором подчеркнута, что практика перевода кино в Казахстане развита давно, тем не менее проблема ее исследования не решена. Определены особенности текста кино и его перевода. Показаны выгодные и невыгодные стороны использования видов перевода кино.

Ye.S.Adayeva

### **Types of cinema translation: subtitle and dubbing**

How are Kazakh language, religion and tradition preserved in present day? Or, how pure is our national consciousness nowadays? One can find answers to these questions in present film industry. As film is one of the most efficient and convenient way in providing the people with information. Although, film translation has developed long ago, studies are seldom carried out in this field. There is not any theoretical foundation established. Author of the article tries to look into these issues. Film text and peculiarities of film translation are identified. Advantages and disadvantages of cinema translation are analyzed.

#### References

- 1 Kuzmichev S.A. *Bull. of the Moscow State Linguistic University*, Moscow: IPK MGLU «Rema», 2012, p. 45.
- 2 Siranov K. *Soviet cinema of Kazakhstan*, Almaty: Zhazushy, 1986, 158 p.
- 3 Matasov R.A. *Translation movie / video: lingvokulturological and didactic aspects*, Moscow, 2009, p. 141.
- 4 Sapozhnikov I. *Dubbing and Voice-over dubbing movies*, Moscow: Nauka, 2004, p. 85.
- 5 Los' Ye. *1 day with speaker: as voiced movie*, NashKiev. UA, [ER]. Access mode: nashkiev.ua
- 6 Valgina N.S. *Theory of text*, Moscow: Logos, 2004, p. 210.
- 7 *Bull. of the Siberian State Aerospace University Reshetnev*, Krasnoyarsk, 2006, p. 272.
- 8 Chernov G.V. *Simultaneous translation: voice compression*, Moscow: IPK MGLU «Rema» 1969, p. 24.